

# InsurTechHackathon хакатонның өткізу ережелері

## 1. Терминдер мен ұғымдар:

**Хакатон** – таңдалған пәндік салада жаңа идеялардың пайда болуын ынталандыруға және оларды тәлімгерлердің жетекшілігімен іс-шаралар шеңберінде және уақытында жүзеге асыруға, сондай-ақ дарынды және әлеуеті жоғары студенттерді анықтауға арналған іс-шара.

**Ұйымдастырушы:** «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания).

Ұйымдастырушы InsurTechHackathon хакатонның өткізу тәртібін, мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, ережелерін қалыптастырады және бекітеді, тәлімгерлер мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

### **Серіктестер:**

«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ (ХАТУ),

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ

**Қатысушылар/қатысушы командалары** - InsurTechHackathon-ға қатысуға жеке немесе ұжымдық өтінім берген IT-мамандығы (аралас мамандық) бар университеттер мен колледждер студенттері. Әр командадағы қатысушылар саны үштен бес адамға дейін. Әрбір қатысушы тек бір команданың мүшесі бола алады.

**Әділқазылар алқасы** – қатысушыларға жүлделер беру туралы шешім қабылдайтын сарапшылар тобы. Қазылар алқасы ұйымдастырушымен ұсынылатын ұйымдастырушы өкілдерінен тұрады.

**Ментор** – қатысушыларға/қатысушылар командаларына консультациялық және әдістемелік қолдау көрсететін ұйымдастырушының өкілі. Тәлімгер қазылар алқасының мүшесі бола алмайды.

**Өтінім** – қатысушылардың өздері толтыратын, қатысушы туралы мәліметтерді қамтитын тіркеу нысаны.

**Тапсырма** - бұл командалар 24 сағат ішінде орындауы қажет, нақты тапсырма. Тапсырма көрсетілген шарттарға және осы ережелерге сәйкес прототипті (демо-нұсқа) немесе тұжырымдаманы әзірлеу (жасау) болып табылады.

**Прототип (демо-нұсқа)** – осы ережелермен анықталған критерийлер мен шарттарға сәйкес келетін бағдарламалық өнім немесе веб-қызмет. Бір команда тек бір прототипті (демо-нұсқа) ұсынуға құқылы.

**Тұжырымдама** – бұл ұсынылған міндеттер шеңберінде компанияның инновациялық немесе ғылыми қызметіне бағытталған іскерлік шешімнің тұсаукесері.

**Жеңімпаз/Жеңімпаздар командасы** – қазылар алқасының бағалау нәтижелері бойынша осы Ереженің 6-бөлімінде белгіленген критерийлер бойынша 1-орынға ие болған қатысушы/қатысушылар командасы.

## 2. Хакатонды өткізу мақсаттары.

- 2.1. Дарынды мамандарды іздеу: біздің компанияда тағылымдамадан өтуді ұсыну арқылы, болашағы зор студенттерді анықтау.

2.2. Оқу орнымен серіктестікті дамыту: оқу үдерісіне белсенді қатысу арқылы жоғарғы оқу орындарымен байланысты нығайту.

2.3. Жұмыс берушінің беделін көтеру: студенттер үшін компанияның тартымдылығын арттыру және жұмыс берушінің беделін қалыптастыру.

### 3. Өткізілетін мерзімі.

3.1. Хакатонға қатысуға өтінімдерді қабылдау: **15.01.2024 жылдан 26.01.2024 жылға дейін.**

3.2. Бірінші күн – кіріспе бөлімі, тапсырмаларды бөлу, тапсырмалар бойынша жұмыстың басталуы: 27.01.2024ж. сағат 09:00.

3.3. Екінші күн – тапсырмалар бойынша жұмысты аяқтау, прототиптерді (демо-нұсқаларды) таныстыру, нәтижелерді жариялау, іс-шараны аяқтау: 28.01.2024 ж. сағат 10:00.

3.4. Хакатонның алдын ала кестесі:

#### **Бірінші күн: Тіркеуден өту және дайындық.**

09:00 - 10:00: Қатысушыларды тіркеу және командаларды құру.

10:00 - 10:30: Кіріспе лекция және хакатон тақырыбының тұсаукесері.

10:30 - 12:00: Ережелерді және бағалау критерийлерін қайталау. Тапсырмалар мен жоба идеяларын ұсыну. Желілік қарым-қатынас және командамен танысу. Қатысушылар бір-бірімен танысып, идеяларды талқылайтын уақыт. Офлайн кеңес беру.

12:00 - 13:00: Кофе-брейк

13:00 - 00:00: Жұмыс уақыты: жобалармен жұмыс, Telegram арқылы тәлімгерлермен кеңесу.

#### **Екінші күн: іс-шараны жабу және Ұсыну.**

10:00 - 12:00: Онлайн сессия. Жобаларды аяқтау. Сеанстар: Backend, Frontend, UI/UX. Прототиптерді көрсету үшін командалардан өтінімдерді қабылдау.

12:00 – 13:00: Команданың қойылым алдындағы техникалық дайындығы.

13:00 - 15:30: Қазылар алқасы мен көрермендерге жобаларды таныстыру.

15:30 - 16:00: Кофе-брейк

16:00 - 17:00: Нәтижелерді және марапаттарды жариялау.

17:00 - 17:30: Іс-шараның жабылуы. Қатысушылар пікірімен қорытындылау. Кері байланыс пен ұсыныстарды жинауға арналған қысқа сауалнама.

### 4. Жүлде қоры және жүлделерді бөлу:

4.1. Бірінші орын – 800 000 (сегіз жүз мың) теңге;

Екінші орын – 400 000 (төрт жүз мың) теңге;

Үшінші орын (1) – 150 000 (жүз елу мың) теңге;

Үшінші орын (2) – 150 000 (жүз елу мың) теңге.

4.2. Хакатон жеңімпаздары/жеңімпаздарының командалары бекітілген қазылар алқасымен анықталады және тапсырмаларға және осы ережелерге сәйкес үздік прототиптер (демо-нұсқалар) мен тұжырымдамалардың нәтижелері бойынша хаттамаға жазылады.

- 4.3. Егер қазылар алқасы қатысушылардың/қатысушылар командаларының бірде-бір шешімі көрсетілген талаптарға сай емес деп есептесе, онда қазылар алқасы тиісінше хакатондағы жеңісті және жүлделерді ешкімге бермеу құқығын өзіне қалдырады.
- 4.4. Жеңімпаздар/жеңімпаздар командалары бес жұмыс күні ішінде ақшалай сыйлықтарды есептеу үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсына алмаса және өзінің жеке мәліметтерін (жеке куәлік, ЖСН, IBAN шоты және т.б.) растай алмаса немесе осы ережелерді бұзса, онда жеңімпаздар/жеңімпаздар командалары ақшалай сыйлықтарды талап ету құқығынан айырылады. Кері санақ жеңімпаздар/жеңімпаз команда жарияланған күннен кейінгі күннен басталады. Жеңімпаздар/жеңімпаз командалар хакатонның екінші күні – 28.01.2024 күні жарияланады.
- 4.5. Жеңімпаздарға/жеңімпаз командаларға ақшалай сыйлықтарды төлеу жеңімпаздардан/жеңімпаз командалардан расталған мәліметтерді (жеке куәлік, ЖСН, IBAN шоты және т.б.) алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылады. Ақшалай сыйлықтар жеңімпаздар/жеңімпаз командалардың карточкаларына жүлдені беру үшін ұсынылған құжаттарға сәйкес беріледі.
- 4.6. Жеңімпаздарға/жеңімпаз командаларға ақшалай сыйлықтарды есептеуге байланысты салықтар Ұйымдастырушының есебінен төленеді.

## 5. InsurTechHackathon хакатонына қатысушыларды таңдау критерийлері мен шарттары.

- 5.1. InsurTechHackathon-ға қатысуға өтінім 26.01.2024 дейінгі мерзімді қоса алғанда берілуі керек.
- 5.2 Қатысуға өтінімді тіркеу сілтемесі: <https://forms.gle/hZPJZdTrB7m7WdJg9>
- 5.3 InsurTechHackathon үш-бес қатысушысы бар командалар қатыса алады.
- 5.4 Құрамы құрылымдалған команда да хакатонға қатысуға өтініш бере алады. Жеке студенттер (қатысушылар) де өтінім бере алады. Жеке өтінім берген студенттер (қатысушылар) үшін хакатон ұйымдастырушылары, тіркеуден өту кезеңінде, 2024 жылғы 27 қаңтарда командаларды өздері құрады.
- 5.5. Топ мүшелері келесі дағдыларға ие болуы керек:
- 5.5.1 **Техникалық дағдылар:** бағдарламалау тілдерін пайдалану білімі мен тәжірибесі (мысалы, frontend үшін JavaScript, Java, Python, C# немесе backend үшін Go). Фреймворктермен жұмыс тәжірибесі (мысалы, frontend үшін React немесе Vue, сервер үшін Node.js, Django). Деректер базасының принциптерін түсіну және олармен жұмыс істеу тәжірибесі. API және веб-сервистермен жұмыс істеу негіздерін білу.
- 5.5.2 **Тәжірибе және портфолио:** портфолио немесе алдыңғы жобалардың мысалдарын беру. Ұқсас іс-шараларға қатысу тәжірибесі (хакатондар, бағдарламалау конкурстары).
- 5.5.3 **Топтық жұмыс дағдылары:** Командада тиімді жұмыс істей білу. Agile командалық жобаларындағы жұмыс тәжірибесі.

5.5.4 **Проблемалық-бағыттамалық ойлау:** инновациялық және практикалық шешімдерді таба білу. Күрделі мәселелерді талдай және шеше білу.

5.5.5 **Қарым-қатынас дағдылары:** идеялар мен шешімдерді ашық және анық жеткізе білу. Қазылар алқасы немесе аудитория алдында жұмысыңызды ұсыну және қорғау мүмкіндігі.

5.5.6 **Білімі мен біліктілігі:** IT мамандықтарының студенті немесе түлегі.

5.5.7 **Жеке қасиеттері:** бастамашылдық, жауапкершілік, белсенділік. Оқуға және дамуға деген ұмтылыс.

## **6. InsurTechHackathon хакатонында демо нұсқаларды таңдау критерийлері мен шарттарының тізімі:**

### **6.1. Функционалдылығы және орындалуы:**

- Демо толығымен жұмыс істеуі және ұсынылған негізгі мүмкіндіктерді көрсетуі керек.
- Код сапасы, тұрақтылығы және елеулі қателердің болмауы.

### **6.2. Тапсырмаға сәйкестілігі:**

- Демо істің тағайындалуына дәл сәйкес келуі керек.
- Шешім қарастырылып отырған мәселенің барлық негізгі аспектілерін қамтуы керек.

### **6.3. Пайдаланушы интерфейсі:**

- Эстетика, пайдаланудың қарапайымдылығы және интуитивті интерфейс.
- Бейімделу және кросс-платформалық дизайн.

### **6.4. Техникалық іске асыру:**

- Код тиімділігі және оңтайландыру.
- Frontend және backend технологияларын сауатты пайдалану.

### **6.5. Шешім тұсаукесері:**

- Айқын және сенімді демо-нұсқасы.
- Топтың оларды шешудің негізгі аспектілері мен артықшылықтарын түсіндіру қабілеті.

### **6.6. Әсері мен құны:**

- Шешімнің нарыққа, салаға немесе соңғы пайдаланушыға ықтимал әсері.
- Практикалық құндылық және коммерциялық әлеует.

### **6.7. Этикалық және заңдылық нормаларды сақтау:**

- Құпиялылық пен деректерді қорғауды құрметтеу.
- Әзірлеу кезінде заңдылық және этикалық стандарттарды сақтау.